

**ӘР ЖАС АРАЛЫҒЫНДА  
НАУҚАСТАРМЕН ҚАРЫМ-  
ҚАТЫНАС**

# Жоспары:

1. Мектеп жасына дейінгі балалар
2. Жасөспірімдер психологиясы
3. Қартаюу

- ▣ ХХ ғасырдың ортасында дүниенің әр түпкірінде қарым-қатынас мәселесіне арналған зерттеулер шамаман бір уақытта пайда болып, тарала бастады.
- ▣ Мұндай зерттеулер ішінде балалардың қарым-қатынас сферасына қатысты еңбектер ерекше орын алады.
- ▣ Қарым-қатынас адамдардың өзара әрекеттестік және өзара қатынас жасауының ерекше формасы.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі “бала-бала” жүйесі В.С.Мухина еңбектерінде сипатталынады. Ғалым баланың басқа балалармен қарым-қатынас құруы оның психикалық дамуына жағдай жасайтынын тағайындайды.

Онда негізгі 3 жағдай баса көрсетіледі:

Баланың балалар тобымен қарым-қатынас құруында ерекше, ересектермен жасалған қарым-қатынастан айрықша қатынас тағайындалады;

“бала-бала ” жүйесінде ғана кейбір іс-әрекет түрлерін меңгеруге болады, яғни балалар топпен ғана ересек адамдардың қатынасын бірлесіп қайта жаңғырта алады;

Балалар тобында мінез-құлық, жүріс-тұрыс нормалары мен адамгершілік қасиеттерді қолданып, жаттығуға мүмкін болады.

**Жасөспірімдер психологиясы – жас мөлшері** бойынша балалық шақ пен бозбала шақтың аралығынан табылатын 12-15 жастағы, орта буын және жоғары сынып оқушыларының психологиясы

Жас жағынан алып қарағанда бұлар балалықтан ересектік дәуірге ауысудың аралық кезеңінде тұрады. Жасөспірімдер бұрын санаса бермейтін кішкене бала емес, әйтсе де оның қоғамдағы жағдайына қарап, үлкендер оны әлі де бала санайды. Ал бала болса есейгендігін айтып, өзін жеке адам ретінде көрсетуге тырысады, кейде өзімшілдікке салынып, дөрекілік мінез де көрсетіп қояды. Бұлардың «*үлкен кісі*» болып көрінуі кейде қате, жалған жолмен кетуі де мүмкін (мәселен, кейбір осындай балалардың шылым тартуы, үлкендермен қарсыласуы т.б.).

Психологияда өмірдің кеш кезеңінің анықтамасы жоқ. Ереже бойынша ғалымдар барлық психологиялық және медициналық жағдайы бірдей емес, егде кезең тобына 60-тан 75-ке дейінгі жасты жатқызады. Бұл топқа кіретін адамдар үшін белсенділік деңгейі айтарлықтай жоғары сақталған, ал олар үшін әлеуметтік-психологиялық бейімделуді және осы арқылы психологиялық өзін жақсы сезінуді бұзу маңызды проблемалардың бірі болып табылады.



Қартаю – бұзушы процесс. Ол организмнің адаптациялық мүмкіндіктерінің азаюына әкеледі. Қартаюшы организмнің адаптациясының төмендеуінің себебі барлық функциялардың жүйесінің әлсіреу – нервтік, эндокриндік, иммундық, тыныс алушы, ас қорытушы және тағы басқа

Қартаю процесі организмге аталған жасерекшелік өзгерістерге әкелетін, генетикалық проблемаланған процесс. Геронтогенез кезеңінде біртіндеп организмдерінің әсіресе, ішкі тітіркендіргіш процесі әлсірейді. Ең көп сақталғаны тамақ рефлексімен салыстырғанда қорғану шартты рефлекс екен. Қартаю кезеңінде барлық өзгерістердің индивидуальды мінез-құлық болады.



Жеке тұлға ретінде қартайған адамның мінезінің қиын және қарама-қайшы болуы биологиялық құрылымы және жаңа білімнің сандық және сапалық өзгерістерімен байланысты. Организм жаңа шарттарға бейімделді, оның өмір сүру қызметін, қартаюын деструктивті (бұзушы, қарама-қайшы) көріністерін өткізуге мүмкіндік беруін сақтайтын организмнің әртүрлі жүйелері белсене түседі